

**М.Х.ДУЛАТИ АТЫНДАҒЫ ТАРАЗ УНИВЕСРИТЕТІ
ӘЛЕУМЕТТІК ЖҰМЫС БАСҚАРМАСЫ**



**2025 жылы 24 - 30 қараша аралығында
студенттер арасында дін саласына байланысты
жүргізілген сауалнаманың
АҚПАРАТЫ**

Әзірлеген:
Әлеуметтік жұмыс басқармасының
дінтану бойынша бас маманы Б.К.Алпысбаев

Тараз 2025 жыл.

2025 жылы 24-30 қараша аралығында студенттердің діни сауаттылығын арттыру бойынша жүргізілген сауалнаманың АҚПАРАТЫ

2025 жылғы 17 қыркүйекте Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының VIII съезінің ашылуында сөйлеген сөзінде: «...Өскелең ұрпақ барлық дін және мәдениет өкілдерінің арасындағы өзара құрмет пен сыйластық рухын терең сезініп өсуі керек. Қазіргі жастар көптеген сын-қатермен бетпе-бет келіп отыр. Наным-сенімі, дүниетанымы әртүрлі болса да, оларды толғандыратын мәселелер – ортақ. Демек сол түйткілдердің шешімін де бірлесіп іздеу қажет...» - деп маңызды мәселелерді айтып өтті. Әлеуметтік жұмыс басқармасы әрқашанда студент жастарға рухани-адамгершілік, азаматтық-патриоттық тәрбие беру, діни сауаттылықты арттыру және құқық бұзушылыққа қарсы мәдениет қалыптастыру бағытында ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүргізіп келеді.

Осыған орай, Әлеуметтік жұмыс басқармасының дінтану бойынша бас маманы Б.Қ.Алпысбаев жұмыс жоспарға сәйкес, барлық факультет студенттері арасында «Студент жастардың діни сауаттылығын арттыру бойынша талдау жасау» тақырыбында онлайн сауалнама жүргізді. Қазақ және орыс тілінде 20 сұрақ қамтылды. Жалпы сауалнамаға **1359** респондент қатысты.

Факультет бойынша көрсеткіш:

1. «Технологиялық» факультеті – **388** (28,8%);
2. «Педагогика және әлеуметтік ғылымдар» факультеті – 286 (21,2%);
3. «Экономика және құқық» факультеті – 265 (19,6%);
4. «Жаратылыстану ғылымдары» факультеті - 183 (13,6%);
5. «Филология және гуманитарлық ғылымдар» факультеті 128 (9,5%);
6. «Дене шынықтыру және алғашқы әскери дайындық» факультеті – 99 (7,3%).

Курс бойынша көрсеткіш:

1-курс – **707**, 2-курс – 238, 3-курс – 244, 4-курс – 168.

Жынысы бойынша көрсеткіш:

Қыз бала – **926**, ер бала – 433.

Оқу түрі көрсеткіші:

қазақ тілінде – **1195**, орыс тілінде – 164.

Сауалнаманың сұрақтары бойынша:

Сіз өзіңізді қандай топқа жатқызасыз?

сенушілерге - **1016**

сенбейтіндерге - 79

сенім мен сенімсіздік арасындағы ауытқуларға - 117

жауап бере алмаймын – 147

«Сенушілер» деген жауабында көпшілігі өзін сенуші ретінде анықтайды. Студенттердің шамамен үштен екісі өзін діни сенімі бар тұлға деп есептейді. Бұл жастардың рухани дүниетанымы мен діни құндылықтарға жақындығын көрсетеді. «Сенім мен сенімсіздік арасындағы ауытқуларға» деген жауабында бұл діни білімнің жеткіліксіздігі, өмірлік тәжірибенің аздығы немесе рухани ізденіс кезеңімен байланысты болуы мүмкін. «Жауап беруге қиналамын» деген жауабында бұл олардың діни идентификациясы орнықтағанын немесе діни мәселелерді талқылаудан қашқақтайтынын білдіреді. «Сенбейтіндер» деген жауабында бұл жастардың аз бөлігі ғана өзін атеистік немесе агностикалық топқа жатқызатынын көрсетеді.

Аталған сұраққа байланысты студенттердің басым көпшілігі сенушілер қатарына жатқызған. Кез-келген адамның өзінің жеке ұстанымы ретінде Құдайға сену-сенбеу, дінді ұстану-ұстанбау әркімнің өз еркінде болып табылады. ҚР Конституцияның 14-бабында: Тегіне, әлеуметтік, лауазымдық және мүліктік жағдайына, жынысына, нәсіліне, ұлтына, тіліне, дінге көзқарасына, нанымына, тұрғылықты жеріне байланысты немесе кез келген өзге жағдаяттар бойынша ешкімді ешқандай кемсітуге болмайтындығы айтылған. Сонымен

қатар, Қазақстан Республикасының азаматтары дінге деген көзқарасына қарамастан заң алдында бірдей жауапты. Заңнамада көзделген жағдайларды қоспағанда, ешкімнің де өз діни сенімдерін себеп етіп азаматтық міндеттерін атқарудан бас тартуға қақысы жоқ.

Сіз қай дінді / конфессияны ұстанасыз?

Ислам - 1260

Ешқандай дінді ұстанбаймын – 55

Христиан - 28

Буддизм - 5

Православтік - 7

Иудаизм - 1

Католиктік - 0

Протестантық - 0

Тәңіршілдік - 0

Иегова куәгерлері - 0

Университет студенттерінің діни құрылымы біркелкі. Респонденттердің 90%-дан астамы ислам дінін ұстанатынын көрсеткен. Дінді ұстанбайтындар үлесі аз 55 студент ешқандай дінге қатысы жоқ екенін айтқан. Бұл көрсеткіш діни міндеттерді атқармайтын жастардың үлесі бар екенін байқатады. Діндердің өзге өкілдері өте аз. Христиан, православие және буддизмді ұстанатындар саны төмен, бұл оқу орнындағы діни алуандықтың бар екенін, бірақ көлемі шағын екенін көрсетеді. Студенттер арасында ислам дінін ұстанушылар айқын басым. Соған қарамастан, оқу орнында конфессияаралық келісім, толеранттылық және діни әралуандылықты құрметтеу бағытындағы жұмыстарды жалғастыру маңызды. Бұл түрлі сенімге ие жастардың құқықтары мен еркіндіктерін тең дәрежеде сақтауға көмектеседі.

Қазақстан мемлекетінде рухани тарихы мен мәдениеті қалыптасқан екі үлкен Ислам және Христиан діни конфессиясы бар. Жалпы студенттердің көпшілігі Ислам дініне жақын екенін көрсеткен. Алайда, кейбір студенттер әртүрлі конфессияны да белгілеген. Қазақстан мемлекетінде әртүрлі конфессиялар және этностар еркін өмір сүруде. Әрбір азамат қай конфессияны қабылдайтыны өз еркінде. Бүгінде конфессияаралық келісімді нығайту тек мемлекеттік саясаттың бағыты ғана емес, әрбір азаматтың жауапкершілігі болып табылады. Төзімділік, өзара құрмет, діни сауаттылық — елдің болашағы мен өркендеуінің кепілі. Осы құндылықтарды жастардың санасына сіңіру, білім беру мен мәдениет саласына енгізу – конфессияаралық бірлікті тұрақты сақтаудың тиімді жолы. Діни бірлестіктер өздерінің миссионерлік қызметтерін «ҚР Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» заңға сәйкес қызмет жасайды. Діни бірлестіктердің қызметтерін Жамбыл облысы әкімлігі Дін істері басқармасы қадағалайды.

Сіз діни сенімдеріңізді қандай деңгейде ұстанасыз?

жартылай ұстанамын - 735

толықтай ұстанамын - 531

ұстанбаймын – 93

«Жартылай ұстанамын» деген жауабы бойынша студенттердің басым бөлігі діни сенімдерін толық емес, жартылай деңгейде ұстанатындығын білдірген. Бұл – университет жастары үшін табиғи құбылыс. Себебі студенттік кезеңде жастар білім, мамандық, жаңа орта арқылы дүниетанымын қалыптастыруда. Сондықтан олардың діни тәжірибесі тұрақты емес, көбіне жеке өмір стиліне байланысты реттеледі. «Толықтай ұстанамын» деген жауабында діни сенімдеріне толықтай берілгендер болып табылады. Бұл топ – діни дәстүрлерді, діни міндеттерді жүйелі орындайтын, діни құндылықтарды күнделікті өмірінде басшылыққа алатын жастар. Университетте діни санасының тұрақты, қалыптасқан студенттер үлесі жоғары екенін білдіреді. «Ұстанбаймын» деген жауабында діни практиканы орындамайтындар студенттер болып табылады. Үлес аз болғанымен, бұл көрсеткіш қазіргі жастар арасында зайырлы көзқарастың болуы табиғи екенін көрсетеді.

Жалпы тенденция:

- Университет студенттерінің басым бөлігі (1266 адам) дінді белгілі бір деңгейде ұстанады.

- Бірақ олардың жартысынан көбі діни нормаларды қатаң сақтамайды, бұл жастар арасында орташа деңгейдегі діни практиканың жоғары екенін көрсетеді.

- Бұл ақпарат студенттермен жұмыс жүргізгенде теңгерімді, бейтарап, зайырлы форматты сақтаудың маңызды екенін көрсетеді.

- Университет жастары діни жағынан орташа деңгейде белсенді, бірақ догматикалық емес.

- Діни сенімді толық ұстанатындар да, мүлдем ұстанбайтындар да бар, бірақ олар жалпы үлестің аз бөлігін құрайды.

- Бұл көрсеткіш университеттің зайырлы саясатына, конфессияаралық толеранттылықты арттыруға және студенттердің құқықтарын қорғауға бағытталған шараларды жалғастыруға негіз бола алады.

Куратор тарапынан студенттермен діни экстремизмнің алдын алу тақырыбында тәрбие сағатын өткізеді ме?

жиі өткізеді - **638**

өткізген дұрыс, студенттердің діни сауаттылығы қалыптасады – 363

өткізудің қажеті жоқ - 251

мүлдем өткізбейді - 107

«Жиі өткізеді» жауап нұсқасы бойынша университетте діни экстремизмнің алдын алу бағытындағы тәрбие жұмыстары тұрақты жүргізілетінін білдіреді. Кураторлар арасында аталған бағытқа назар жоғары, бұл оқу орнында ақпараттық-түсіндіру жұмыстарының жүйелі жолға қойылғанын көрсетеді. «Өткізген дұрыс, студенттердің діни сауаттылығы қалыптасады» деген жауабында бұл топтағы студенттер тәрбие сағатының өзектілігін қолдайды. Діни сауаттылықтың артуы:

радикалдық идеологияға қарсы иммунитет қалыптастыруға;

діни ақпаратты дұрыс қабылдауға;

зайырлылық қағидаттарын түсінуге көмектеседі деп есептейді. Яғни студенттердің бір бөлігі бұл іс-шараны күшейту қажет деп санайды. «Өткізудің қажеті жоқ» деген жауабында бұл студенттердің көзқарасы бірнеше фактормен байланысты болуы мүмкін:

діни тақырыптарға қызығушылықтың төмендігі;

бұндай тәрбие жұмыстары артық деп ойлауы;

діни мәселелерді жеке өмір саласына жатқызуы;

кураторлардың өткізген шаралары мазмұнының өздеріне ұнамауы. Бұл пікір оқу орнында ақпараттық жұмысты жүргізудің форматы мен әдістемесін жетілдіру қажеттілігін көрсетеді. «Мүлдем өткізбейді» деген жауабында бұл нәтижеге екі фактор әсер етуі мүмкін: кураторлардың іс-шараны өткізбегендігі, студенттердің білмеуі немесе қатыспауы. Бұл көрсеткіш университеттің барлық факультеті мен академиялық топтарында біркелкі деңгейде жұмыс жүргізілмейтінін көрсетеді.

Аталған сұрақ тікелей кураторлардың топ студенттермен діни экстремизм мен терроризм көріністерін алдын алу, студент жастардың діни сауаттылығын қалыптастыру бойынша жұмыс жасауына байланысты болып табылады. Кураторлар діни салада өткізетін тәрбие сағаттарын міндетті түрде Әлеуметтік жұмыс басқармасымен өзара келісіп өткізу қажет.

Егер сіз мұсылман болсаңыз, Исламдағы қай бағытты ұстанаңыз?

Сүннит (Ханафи мазхабы) - **1083**

Нұршы жамағаты -90

Шиит - 89

Сүлеменші жамағаты -38

Сопылық - 31

Уаххаби-сәләфилік - 28

«Сүннит (Ханафи мазхабы)» деген жауабы бойынша – студенттердің басым көпшілігі өздерін дәстүрлі сунниттік бағыттың өкілі деп танытқан. Бұл Қазақстандағы тарихи қалыптасқан діни дәстүрдің, мемлекет пен қоғам деңгейінде қолдау табатын дәстүрлі ислам түсінігінің жастар арасында орнықты екенін көрсетеді. Жастардың басым бөлігінің дәстүрлі Ханафи мазхабын ұстануы діни тұрақтылықтың маңызды көрсеткіші болып табылады.

«Нұршы жамағаты» деген жауабында – бұл сан аз емес және көрсеткіш жастардың біраз бөлігі бейресми діни ағымдармен таныс екенін, кейбірі сол бағытқа бейім екенін білдіреді. Мүмкіндік қауіпі: Студенттердің ақпаратты интернеттен сүзгісіз алуына байланысты адасу ықтималдығы жоғары.

«Шиит» деген жауабында – бұл көрсеткіш шииттік бағытты ұстанатын студенттердің саны айтарлықтай екенін көрсетеді. Шииттік бағыт Қазақстанда кең таралмағандықтан, бұл нәтижеде мигранттар, шетелдік студенттер, әлеуметтік желідегі үгіт-насихат әсері сияқты факторлардың ықпалын көрсетуі мүмкін.

«Сүлеменші жамағаты» деген жауабында – қоғамда бейресми топ ретінде белгілі. Көрсеткіш аз көрінгенімен, университет ішінде діни топтарға бөліну қаупін жоққа шығармайды.

«Сопылық» деген жауабында – сопылыққа қызығушылық жеке рухани ізденіске байланысты болуы мүмкін. Бұл шағын топ дәстүрлі ислам аясында болғанымен, кейде қате сопылық түсініктерге еріп кету қаупі бар.

«Уаххаби-сәләфилік» деген жауабында – бұл ең қауіпті көрсеткіш. Сәләфилік ағым Қазақстанда радикалды және теріс идеологияның негізгі көзі ретінде танылған. Тіпті 28 студенттің осы бағытқа бейім болуы: интернет арқылы радикалдық контент алу, діни сауатсыздық, әлеуметтік ортаның әсері сияқты факторлармен түсіндіріледі.

Факультеттердің декандары, тәрбие жөніндегі декан орынбасарлары, кураторлар тарапынан осы мәселені назарға алып, студенттерге дін саласына байланысты ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүйелі түрде Әлеуметтік жұмыс басқармасымен, облыстық Дін істері басқармасымен арнайы дінтанушы мамандармен бірлесіп жүргізу қажет.

Егерде сіздің тобыңызда басқа діни ағымның ықпалында жүрген студент болса, қандай әрекет етесіз?

кураторға жеткіземін - 766

университеттегі дінтанушы маманға жүгінемін - 488

факультет деканына айтамын - 64

ректордың жеке блогына жазамын – 41

«Кураторға жеткіземін» деген жауабы бойынша – студенттердің басым бөлігі мәселені бірінші кезекте кураторға хабарлау қажеттігін дұрыс түсінеді. Бұл - оқу орнында қалыптасқан тәрбие жұмысының рөлі жоғары екенін және кураторлар студенттерге жақын тұлға ретінде қабылданатынын көрсетеді. Кураторлар – студенттер арасындағы діни, психологиялық немесе түсіндіруді қажет ететін мәселелерді бірінші болып анықтайтын негізгі буын болып қала береді. «Дінтанушы маманға жүгінемін» деген жауабында – студенттердің екінші үлкен тобы мәселені сарапшы маманның көмегімен шешу қажеттігін түсінеді. Бұл жастардың діни сауаттылықтың маңызын түсінетінін, сондай-ақ күрделі мәселеде арнайы маманның араласуын дұрыс деп қабылдайтынын білдіреді. Оқу орнында дінтанушы мамандардың жұмысы студенттердің сеніміне ие және профилактиканың маңызды тетігі болып отыр. «Факультет деканына айтамын» деген жауабында – бұл бағытты таңдағандар аз. Студенттердің көпшілігі мәселені бірден жоғары әкімшілікке шығармай, алдымен тиісті деңгейде - куратор немесе дінтанушы арқылы шешуге тырысады. Студенттер жоғары басшылыққа тек күрделі немесе шешілмеген жағдайларда жүгінетінін көрсетеді. «Ректордың жеке блогына жазамын» деген жауабында – өте төмен көрсеткіш. Бұл студенттердің ресми онлайн-платформаларды тек соңғы шара ретінде қолданатынын білдіреді. Студенттер мәселені ішкі тәрбие жүйесі арқылы шешуді дұрыс санайды және ашық шағым жасауды қажет деп көрмейді. Студенттер діни ағымдардың ықпалында жүрген тұлғаларды байқаса, жауапты түрде әрекет етуге дайын. Бұл

университеттегі профилактикалық жүйенің дұрыс жолға қойылғанын және студенттердің деструктивті діни ағымдарға немқұрайлы қарамайтынын көрсетеді.

ҚР мемлекеттің дін саласындағы саясатын жүзеге асыруына байланысты қоғамдағы радикалдық діни ағымдардың қауіп-қатерін ескере отырып, студенттердің діни сауаттылығын арттыру бойынша арнайы дінтанушы мамандардың қатысуымен кездесу шараларын өткізген дұрыс. Сонымен қатар, университетте Әлеуметтік жұмыс басқармасының дінтану бойынша бас маманы Б.Алпысбаев дін саласына байланысты кураторлармен бірлесіп қызмет жасайды.

Діни рәсімдерге (мешітке/шіркеуге бару, жұма намаз, бес уақыт намаз оқу) қаншалықты жиі қатысасыз?

қатыспаймын - 878

айына бір рет - 194

аптасына бір рет - 134

аптасына бірнеше рет – 81

күн сайын - 72

Бұл сұрақ респонденттердің діни белсенділік деңгейін анықтауға бағытталған. Қоғамдағы діни тәжірибенің қарқындылығын, діни институттарға қатынасты және жастар арасындағы діни практиканың ерекшеліктерін талдауға мүмкіндік береді. Бұл сұрақ адамның дінге қаншалықты жақын екенін білдіреді. «Күн сайын» деген жауапта адамның бес уақыт намаз оқитындығы болса, «аптасына бір рет» деген жауап жұма намазға баратындығын білдіреді. Демек, көпшілік респондент діни рәсімдерге қатыспайтындығын білдірген. Студенттердің негізгі міндеті университеттің ішкі тәртіп ережесіне сәйкес сапалы білім алу болып табылады. Діни рәсімдер тек діни ғимараттарда жүзеге асады.

Егер сіздің діни сезіміңізді ренжіткен болса, сіз қандай әрекет етесіз?

мен ештеңе болмағандай кейіп танытамын - 701

құқық қорғау ұйымдарына жүгінемін - 458

көмек алу үшін діндар достарыма жүгінемін - 165

сотқа жүгінемін - 32

елден көшіп кетуге тырысамын - 0

Студенттердің басым бөлігі (701 адам) діни сезімдерінің ренжілуіне бейтараптық танытады, бұл конфликттің алдын алу стратегиясын көрсетеді. Бұл жастардың көп жағдайда қақтығыссыз шешімге баруды жөн санайтынын көрсетеді. 458 студент ресми «құқықтық қорғау органдарына жүгінуге дайын», бұл құқықтық сауаттылықтың жақсы деңгейін көрсетеді. Бұл діни сезімдердің қорғалуына студенттердің құқықтық сауаттылығының жоғары деңгейін білдіреді. Сонымен қатар, бұл университеттегі профилактикалық ақпараттық жұмыс пен құқықтық білімнің әсерін көрсетеді. «Көмек алу үшін діндар достарыма жүгінемін» деген жауабында достардан кеңес алу да кең таралған стратегия, бірақ бұл шара шешім қабылдауда формалды жолдан кем қалуы мүмкін. Достармен кеңес арқылы жағдайды психологиялық жағынан жеңілдетуге, түсінік алуға тырысатын студенттер болып табылады. Күрделі шаралар (сотқа жүгіну, елден кету) сирек кездеседі, бұл жастардың жағдайды бейтарап, прагматикалық жолмен шешуге бейім екендігін көрсетеді. Сотқа жүгіну көбінесе тек өте күрделі немесе жеке құқық бұзушылық жағдайында жүзеге асады. Жастарға конфликт жағдайында дұрыс әрекет ету жолдарын үйрету маңызды.

Сабақ кезінде сабақтан тыс діни тақырыпта уағыз жүргізетін оқытушылар кездесті ме?

жоқ - 1282

ия – 77

Студенттердің басым бөлігі оқу үдерісі барысында діни мазмұндағы уағыз жүргізетін оқытушылардың кездеспейтінін атап өтті. Бұл университеттің зайырлы білім беру талаптарын сақтайтынын және оқытушылардың кәсіби этиканы ұстанатынын көрсетеді. Ал жекелеген оңаша пікірлерде кейбір оқытушылардың сабақтан тыс уақытта діни мазмұндағы

қысқа әңгімелер қозғайтыны жөнінде айтылғанымен, олардың жүйелі түрде уағыз жүргізгені анықталған жоқ. Жалпы қорытынды бойынша, университет ішінде діни үгіт-насихат фактілері жүйелі сипатқа ие емес және оқу ортасы зайырлы қағидаттарға сай қалыптасқан.

Сіз өзге дін өкілдеріне қалай қарайсыз?

оң - 590

бейтарап - 560

айта алмаймын – 160

теріс - 49

«Оң көзқарас» - респонденттердің ең үлкен бөлігі өзге дін өкілдеріне құрметпен, ашық көзқараспен қарайтынын көрсетеді. Бұл қоғамдағы толеранттылық деңгейінің жоғары екенін білдіреді. «Бейтарап көзқарас» бұл топ өзге дін өкілдеріне қатысты тұрақты позиция ұстанбайды, алайда қарсы пікірде де емес. «Бейтарап» - респонденттердің көп болуы қоғамдағы діни әртүрлілікке қалыпты, қалыптасқан қарым-қатынастың бар екенін көрсетеді. «Айта алмаймын» - мұнда діни мәселелерді талқылай бермейтін немесе өз көзқарасын анықтай алмаған респонденттер. Бұл категориядағы адамдар үшін діни тақырыптың бейтарап немесе маңызды емес екені байқалады. «Теріс көзқарас» – бұл көрсеткіш өте төмен, яғни өзге дін өкілдеріне теріс қатынас білдіретіндер аз. Бұл қоғамда діни тұрғыдан қақтығыс әлеуеті төмен екенін айғақтайды.

Өзіңізге қажетті діни ақпараттарды қайдан аласыз?

әлеуметтік желідегі діни парақшалардан - 658

мешіттегі имамнан – 386

дін жолындағы жүрген достарымнан - 155

діни жамағаттағы бауырлардан – 90

университеттегі дінтанушы маманнан – 70

Зерттеу нәтижелері жастардың жартысы діни ақпаратты әлеуметтік желіден алатынын көрсетті. Бұл интернет кеңістігіндегі діни контенттің сапасын бақылау, жалған ағымдардан сақтандыру, медиа сауаттылық пен діни сауаттылықты қатар дамыту қажеттігін айқындайды. Сонымен бірге 28% имамдарға жүгінеді, бұл ресми діни институттарға сенімнің бар екенін көрсетеді. Ал университеттегі дінтанушыларға аз сұраныс (5%) білім беру саласында дінтанулық түсіндіру жұмыстарының әлеуеті әлі де толық пайдаланылмай отырғанын аңғартады.

Әлеуметтік желілерде дәстүрлі қазақ қоғамына қайшы келетін кейбір діни парақшалар және уағыздар жоқ емес. Кейбір діни парақшаларда астарлы түрде деструктивті діни ағымдардың экстремизмдік идеяны насихаттайтын жазбаларда бар. Студент жастар ол парақшалардың дұрыс-бұрыстығын ара-жігін ажырата алмайды. Сол үшін «фейсбук», «инстаграм», «телеграм» әлеуметтік желілерде ресми түрде тіркелген (Жамбыл облысы әкімдігінің дін істері басқармасы, Жамбыл облысы әкімдігінің дін проблемаларын зерттеу орталығы, облыстық «Һибатулла әт-Тарази орталық мешіті) діни парақшаларды қолданған дұрыс.

Сіз әлеуметтік желілерде діни тақырыптар бойынша пікірталастарға қатысасыз ба?

қатыспаймын - 952

егер тақырып мені қызықтырса қатысуға болады - 240

қатысу үшін діни білім қажет – 112

жиі қатысамын – 55

Студенттердің 70% діни пікірталастардан аулақ жүреді - бұл қоғамдағы діни мәселелерді талқылауда сақтық көзқарастың басым екенін білдіреді. Тек 4% ғана тұрақты түрде пікірталасқа қатысады - жастар арасында діни тақырыпта қоғамдық онлайн белсенділік деңгейі төмен. 8% білім жеткіліксіздікті атап өтсе - бұл діни сауаттылықты арттыруға деген сұраныстың бар екенін көрсетеді. Осы мәліметтер жалпы алғанда жастардың діни талқылауларда бейтарап және сақ позицияны ұстанатынын айқындайды.

Сонымен қатар, әлеуметтік желілерде құзырлы органдар тарапынан дін саласындағы аналитикалық интернет карта арқылы мониторинг (кибернадзор) жүргізіп отырады.

Қоғамдағы діни экстремизм идеяларды алдын-алу үшін қандай ой қосасыз:

әрбір жоғары оқу орындарда дінтанушы маман болу керек - 563

ұлттық тәрбие және рухани сабақтастығы туралы кездесулер жиі өткізу керек – 481

жоғары оқу орында «Зайырлылық және дінтану негіздері» курсы жүргізілу қажет –

315

«Әрбір жоғары оқу орнында дінтанушы маман болу керек» – (41,4%) Респонденттердің басым бөлігі кәсіби дінтанушы мамандардың болуы жастарды дұрыс ақпаратпен қамтамасыз етуде, жалған ағымдардан қорғауда шешуші рөл атқарады деп санайды. Бұл жоғары оқу орындарында діни сауаттылықты арттыруға деген үлкен сұраныстың бар екенін көрсетеді. «Ұлттық тәрбие және рухани сабақтастық туралы кездесулер жиі өткізу керек» – (35,4%) Бұл жауап жастардың рухани-мәдени құндылықтарға негізделген профилактикалық жұмыстарды маңызды деп есептейтінін айғақтайды. Жастардың ұлттық бірегейлік, тарих, дәстүр арқылы иммунитет қалыптастыруға қызығушылығы жоғары. «Жоғары оқу орнында «Зайырлылық және дінтану негіздері» курсын жүргізу қажет» – (23,2%) Студенттердің төрттен бірі арнайы пәннің оқытылуы діни экстремизмнің алдын алуға тиімді құрал болатынын айтады. Бұл курстың жастарға құқықтық, зайырлылық және діни сауаттылық тұрғысынан қажетті екенін көрсетеді.

Университетте діни-саяси насихат жүргізуге және діни рәсімдерді орындауға болмайтындығын білесіз бе?

ия - 1075

бірінші рет естуім – 173

жоқ - 111

«Иә» – (79,1%) деген жауабында Студенттердің басым көпшілігі университет аумағында діни-саяси насихат пен діни рәсімдерге тыйым салынатынын жақсы біледі. Бұл жастардың зайырлылық талаптары мен оқу орнының ішкі тәртібі туралы хабардарлығын көрсетеді. «Бірінші рет естуім» – (12,7%) Белгілі бір бөлігі бұл талаппен алғаш рет танысып отыр. Бұл ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүйелі түрде жүргізу қажеттігін көрсетеді. «Жоқ» – 111 (8,2%) Бұл топ университет саясаты мен заңнамалық нормалардан бейхабар екенін немесе мұндай шектеулер бар екенін білмейтінін көрсетеді. Мұндай көрсеткіш діни сауаттылық, құқықтық мәдениет және зайырлы тәртіп нормаларын түсіндіру жұмыстарының әлі де күшейтілуі қажет екенін айғақтайды. 79% студент зайырлы білім беру кеңістігінің талаптарын толық біледі. 21% студент (173 + 111) бұл нормалардан хабарсыз немесе жеткілікті түсінбейді. Бұл нәтижелер университетте зайырлылық принциптері, діни экстремизмнің алдын алу, құқықтық мәдениет бойынша түсіндіру жұмыстарын жалғастырудың өзектілігін көрсетеді.

Қандай азаматтардың діни уағыздарын тындайсыз?

Ешкімді тыңдамаймын – 555

Нұрсұлтан Рысмағанбетұлы - 408

Нұрлан имам - 207

Қабылбек Әліпбайұлы – 87

Ерлан Ақатев - 32

Ерсін Әміре - 22

Закир Найк - 20

Дарын Мубаров - 7

Ділмұрад Махаматов (Дилмурад Абу Мухаммад) - 7

Қайрат Жолдыбай - 4

Шамил Аляутдинов - 3

Осы сұрақта «Ешкімді тыңдамаймын» – (41%) деген жауабы бұл студенттердің басым бөлігі діни уағыз тыңдауға қызықпайтынын немесе оған тұрақты түрде жүгінбейтінін

көрсетеді. Сонымен қатар, діни уағызшылардың арасында ҚМДБ қарасты дәстүрлі бағыттағы ханафи мазхабына сәйкес, шетелдік уағызшылар және деструктивті діни ағымдардың экстремизмдік идеяны насихаттайтын діни уағызшылар қамтылған. Студенттердің көпшілігі ҚМДБ қарасты дәстүрлі бағыттағы Ханафи мазхабына сәйкес Нұрсұлтан Рысмағанбетұлы, Қабылбек Әліпбайұлы, Нұрлан имам, Еркін Әміре, Қайрат Жолдыбай тұлғаларды дұрыс ретінде белгілеген. Сонымен қатар, кейбір студенттер өзге діни ұстанымдардың идеясын насихаттайтын діни уағызшыларды Ділмұрад Махаматов (Дилмурод Абу Мухаммад), Дарын Мубаров, Закир Наик белгілегендерде бар. Ханафи мазхабына, зайырлы ұстанымға, ұлттық дәстүрге қарам-қайшы келетін діни ағымдардың уағыздарың тыңдауға, таратуға және олардың діни ұстанымдарын қолдауға болмайтындығы заң аясында қарастырылған. ҚР «Қылмыстық кодексі» және ҚР «Әкімшілік құқықбұзушылық туралы кодекске» сәйкес жауапқа тартылады.

Сіз әлеуметтік желілерде діни сенімдерді насихаттау мақсатында қандай контентті жиі жариялайсыз?

мүлдем жарияламаймын – 1074

Құран аяттар немесе хадистер - 134

діни уағыздар - 84

өзімнің жеке діни көзқарасымды - 50

діни өлеңдер мен нашіттер – 17

Респонденттердің басым бөлігі әлеуметтік желілерде діни сенімдерді насихаттауға бағытталған жазбаларды мүлде жарияламайтындықтарын көрсеткен. Бұл жастардың көпшілігі діни идеологиялық контентті таратудан саналы түрде бас тартатынын немесе мұндай тақырыптарды жариялауды қажет деп санамайтындығын білдіреді. Алайда, белгілі бір бөлігі Құран аяттары мен хадистерге негізделген діни мазмұндарды, сонымен қатар діни уағыздар мен нашід-өлеңдерді жиі жариялайтындығын атап өткен. Бұл құбылыс, бір жағынан, жастардың дінге деген қызығушылығы бар екенін көрсетсе, екінші жағынан, оның өзіне тән тәуекелдері бар. Жастардың көпшілігінде діни мәселелерге қатысты терең білімнің болмауы - ең үлкен қауіптердің бірі. Діни мәтіндер мен уағыздарды контекстен тыс немесе сенімсіз көздерден алу олардың мазмұнын дұрыс түсінбеуге, тіпті радикалды немесе деструктивті көзқарастарға еріксіз жақындауына әкелуі мүмкін. Әлеуметтік желілерде діни ақпараттың шынайы немесе жалған екендігін айыру оңай емес, ал алгоритмдер көбінесе резонанс тудыратын, эмоциялық әсері жоғары контентті жиі ұсынады. Мұндай ақпарат, діни сауаты төмен жасөспірімдер үшін адасушылыққа, діни манипуляцияға және жалған идеологияларға бейім болуына ықпал етуі мүмкін. Осыған байланысты, жастар арасында діни сауаттылықты арттыру, сенімді діни дереккөздерді пайдалану мәдениетін қалыптастыру, сондай-ақ әлеуметтік желілердегі діни контентті сын тұрғысынан бағалау дағдыларын дамыту маңызды болып табылады. Сонымен қатар, оқу орындарында зайырлылық қағидаттары, діни әртүрлілік және экстремизмнің алдын алу мәселелері бойынша түсіндіру жұмыстарын тұрақты түрде жүргізу қажет.

Күмәнді діни парақшаларға тіркелуге болмайтындығын білесіз бе?

ия - 1207

бірінші рет естуім - 97

жоқ - 55

Бұл сұраққа байланысты респонденттердің басым көпшілігі интернет желісінде күмәнді діни парақшаларға тіркелуге болмайтындығын біледі. Жастардың басым бөлігі 89% күмәнді діни парақшалардан сақ болу қажеттігін түсінеді. 11% студент үшін бұл ережелер жаңалық болып табылады немесе назардан тыс қалған. Бұл деректер әлеуметтік желілерде діни қауіпсіздікті арттыру, жалған немесе экстремистік контенттің алдын алу бағытындағы түсіндіру жұмыстарын күшейту қажеттігін көрсетеді.

Жамбыл облысы әкімдігі Дін істер басқармасы, құқық қорғау орган қызметкерлері интернет желісінде аналитикалық интернет карта арқылы күмәнді діни парақшаларға

тіркелген азаматтарды топтан шығаруға және оларға ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүргізіп келеді.

Сіз үшін діни міндеттерді орындау барысында қандай қиындықтар туындайды?

діни білім мен түсініктің жетіспеушілігі - 577

уақыт тапшылығы / нехватает времени - 509

қоғамдық орта мен әлеуметтік жағдайлар - 167

отбасылық жағдайлар немесе жеке қарым-қатынастар – 106

Діни білім мен түсініктің жетіспеушілігі – (42,4%) деген жауабы бойынша студенттердің басым бөлігі діни ақпараттың жеткілікті болмауы мен сенімді дереккөздерді табудың қиындығын негізгі кедергі ретінде атап өткен. Бұл жастардың діни сауаттылығын арттыру бағытындағы жұмыстың маңызды екенін көрсетеді. «Уақыт тапшылығы» – (37,5%) Екінші үлкен топты құрайтын респонденттер күнделікті оқу, жұмыс, тұрмыстық міндеттердің діни рәсімдерді орындауға мүмкіндік бермейтінін айтқан. Бұл қазіргі жастардың өмір салты мен қарбаластығының әсерін айқындайды. «Қоғамдық орта мен әлеуметтік жағдайлар» – (12,3%) Бұл топқа діни тәжірибесін ортада ашық ұстануға ыңғайсыздық, әлеуметтік қысым немесе қолайсыз жағдайлар кедергі болатынын атап өткен студенттер жатады. «Отбасылық жағдайлар немесе жеке қарым-қатынастар» – (7,8%) Кейбір жастар үшін отбасылық орта, жақындарының көзқарасы немесе жеке өмірдегі жағдайлар діни міндеттерді орындауға әсер ететіндігі байқалады. Жалпы нәтиже студенттердің діни тәжірибесінде ең көп кездесетін кедергілер — білім жетіспеушілігі мен уақыт тапшылығы екенін көрсетті. Бұл жастар арасында діни сауаттылықты арттыру, сенімді ақпарат көздеріне бағыттау, сондай-ақ бос уақытты тиімді ұйымдастыруға көмектесетін түсіндіру жұмыстарын жүргізудің өзекті екенін айқындайды.

Дін мен ғылым арасындағы қатынас туралы не ойлайсыз?

дін мен ғылым бір-бірін толықтырады - 688

дін мен ғылым бір-біріне әсер етпейді – 495

дін мен ғылым арасында қарама-қайшылық бар - 176

«Дін мен ғылым бір-бірін толықтырады» – (50,6%) деген жауапбында студенттердің жартысынан көбі дін мен ғылымды бір-біріне қарсы қоймай, керісінше, оларды үйлесімді және өзара толықтырушы құбылыстар деп санайды. Бұл көзқарас жастардың рухани және рационалды құндылықтарды қатар қабылдай алатынын көрсетеді. «Дін мен ғылым бір-біріне әсер етпейді» – (36,4%) Екінші үлкен топ дін мен ғылымды екі бөлек сала деп есептейді. Яғни, олардың ойынша, ғылым – тәжірибе мен дәлелге сүйенсе, дін – сенім мен рухани қағидаларға арқа сүйейді. Бұл нейтрал көзқарас қоғамдағы көпшілік пікірге тән. «Дін мен ғылым арасында қарама-қайшылық бар» – (13,0%) Белгілі бір бөлігі дін мен ғылыми дүниетаным арасында белгілі дәрежеде келіспеушілік бар деген пікірде. Бұл қайшылықтар көбіне дүниенің жаратылысы, эволюция, діни қағидалардың ғылыми түсіндірмелері сияқты тақырыптармен байланысты болуы мүмкін. Студенттердің көпшілігі (50%) дін мен ғылымды үйлесімді деп санайды. 36% оларды бір-бірінен оқшау ұғым ретінде қабылдайды. 13% қарама-қайшылық бар деп есептейді. Бұл көрсеткіштер жастардың көзқарастарында плюрализмнің жоғары екенін және олардың ғылыми ойлау мен рухани құндылықтарды қатар бағалайтынын байқатады.

ҚР «Діни қызмет және діни бірлестіктер», «Экстремизмге қарсы іс-қимыл», «Терроризмге қарсы іс-қимыл» заңдардың бар екенін білесіз бе?

ия - 1123

бірінші рет естуім - 136

жоқ - 100

«Иә» – (82,6%) деген жауабы бойынша респонденттердің көпшілігі аталған негізгі заңдардың бар екенін біледі. Бұл жастардың діни қызмет саласын реттейтін және қауіпсіздікке қатысты мемлекеттік саясат туралы белгілі бір деңгейде хабардар екенін көрсетеді. «Бірінші рет естуім» – (10,0%) Белгілі бір бөлігі бұл заңдармен алғаш рет

танысып отыр. Бұл заңнамалық ақпараттың жастар арасында жеткілікті деңгейде таралмағанын көрсетеді. «Жо»қ – (7,4%) Бұл топ заңдардың бар-жоғын білмейтін немесе бұған мән бермеген студенттерден тұрады. Олар үшін арнайы құқықтық ағарту жұмыстары қажет. Бұл көрсеткіштер жастар арасында құқықтық мәдениетті арттыру, заң талаптарын түсіндіру және дін саласындағы қауіпсіздік саясатымен таныстыру жұмыстарын жалғастырудың маңыздылығын айқындайды.

Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 11 қазанда ҚР «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» Заңы, ҚР 2005 жылғы 18 ақпанда «Экстремизмге қарсы іс-қимыл туралы» Заңы және ҚР 1999 жылғы 13 шілдеде «Терроризмге қарсы іс-қимыл туралы» Заңы қабылданған болатын. Дін мәселесіне байланысты туындаған сұрақтардың шешімін арнайы дінтанушы мамандардан немесе мешіт имамдардан сұрау қажет. Әлеуметтік желісінде ҚМДБ-нің muftuat.kz ресми сайты және Жамбыл облыстық әкімдігі Дін проблемаларын зерттеу орталығының ресми парақшалары бар.

ҰСЫНЫС

Университет деңгейінде діни ахуалдың тұрақтылығын қамтамасыз етуге, жастардың діни сауаттылығын арттыруға және ақпараттық қауіпсіздігін күшейтуге бағытталған ұсыныстар:

1. Діни сауаттылықты арттыру

1.1. Университеттің барлық факультеттерінде «Зайырлылық және дінтану негіздері» курсын енгізу.

1.2. Студенттерге арналған тұрақты семинарлар, тренингтер және пікірталас алаңдарын ұйымдастыру.

1.3. Дінтанушы мамандар мен кураторлардың студенттерге жеке кеңес беру қызметін күшейту.

1.4. Діни экстремизм, радикализм, киберқауіп және интернеттегі жалған ақпаратқа қатысты профилактикалық сабақтар өткізу.

2. Ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету

2.1. Студенттерге күмәнді діни парақшалар мен қауіпті контенттен сақ болу жөнінде тұрақты ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүргізу.

2.2. Университет желісінде діни тақырыптағы тексерілген, ресми ақпарат көздерін ұсыну.

2.3. Діни ақпарат көздері мен платформаларды мониторингтеу және күмәнді контентке қарсы шаралар қабылдау.

3. Діни ахуалдың тұрақтылығын қолдау

3.1. Университетте конфессияаралық диалогты дамыту үшін кездесулер, фестивальдер, дөңгелек үстелдер ұйымдастыру.

3.2. Кураторлар мен факультет декандарының студенттермен жеке және топтық жұмысын күшейту.

3.3. Діни экстремизмнің алдын алу мақсатында тұрақты бақылау және профилактикалық шаралар жүргізу.

4. Психологиялық және әлеуметтік қолдау

4.1. Студенттерге діни сезімдері ренжіген жағдайда сенімді кеңес алу жолдарын көрсету (куратор, дінтанушы, психолог).

4.2. Қақтығыссыз шешім қабылдауға бағытталған тәрбиелік сабақтар ұйымдастыру.

4.3. Жастардың әлеуметтік белсенділігі мен волонтерлік әрекеттерін діни сауаттылықпен ұштастыру арқылы қоғамдық жауапкершілікті дамыту.

Сауалнама нәтижелері университет студенттері арасында жалпы діни ахуалдың тұрақты екенін көрсеткенімен, діни сауаттылық, құқықтық мәдениет және цифрлық қауіпсіздік саласында жүйелі жұмысты күшейтуді қажет етеді. Осы ұсыныстарды жүзеге асыру жастардың радикалды идеяларға иммунитетін арттырып, университеттің зайырлы қағидаттарды сақтауына ықпал етеді.